

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

# ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия  
1997 жылдан бастап шығады



## ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/MQWZ4637>**\*Ж. Ж. Аубакирова<sup>1</sup>, С. Б. Жұмағұл<sup>2</sup>**<sup>1,2</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-7761-1260><sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9891-0237>\*e-mail: [aubakirovazhansaya1987@gmail.com](mailto:aubakirovazhansaya1987@gmail.com)

## **БҮРКІТ ЫСҚАҚҰЛЫ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЛАГЕРЬ ТАҚЫРЫБЫ**

Бұл мақала қазақ әдебиетінің көрнекті ақыны, ғалым, ұлт мүддесін ойлаған қоғам қайраткері, Алаш идеясын жалғастырушы, «Есен» (Елін сүйген ерлер партиясы) партиясының негізін қалаушысы, Б. Ысқақұлының, абақтыда отырған өлеңдерін зерттеуге бағытталған. Б. Ысқақұлының еңбектеріне сүйене отырып, түрме шығармашылығы, түрмеде жазылған туындылардың концептілік мағынасы, мәні, оның жүйесі, дүниетанымы талданады. Зерттеу барысында түрме тақырыбындағы өлеңдердің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық рух пен сенім көріністері, философиялық сарынның ерекшеліктері айқындалады. Ұлттық әдебиеттануда түрме шығармашылығы циклы, түрме поэтикасы туралы пайымдаулар кеңінен қарастырылса, қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселе әлі де қолға алына қоймаған тақырыптардың бірі. Бұл мақалада «Б. Ысқақұлының әдеби және ғылыми мұрасы» докторлық диссертация шеңберіндегі әдебиеттанушы ғалым, ақын Бүркіт Ысқақұлының абақтыда отырып, айдауда жүрген кездері жазылған өлеңдерінен мысалдар келтіріліп, талдаулар жасалған. Мақалада жинақтау, жүйелеу, салыстыру, концептуалдық талдау, тұжырымдау әдістері қолданыс тапқан. Мақаланың мақсаты ақынның азаматтық қайраткерлік ұстанымын таныту, ақынның өлеңдері арқылы тарихи шындықты талдау, ақын жырлары арқылы қазақ әдебиеттану ғылымындағы «тоталитаризм», «репрессия», «Гулаг», «реабилитация» сияқты күрделі ұғымдарының қазақ халқы үшін білдіретін мағынасын, оның астарын ұғыну. Сонымен қатар бұл мақалада ақынның өлеңдері басқа да ақын-жазушылардың, зерттеуші ғалымдардың жазбаларымен салыстырылады. Мақаланың ғылыми

*жаңалығы қазіргі әдебиеттану ғылымында лагерь тақырыбындағы поэзияның әлі де толықтай зерттеуді қажет етуімен түсіндіріледі. Зерттеу нәтижелерін «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Әдебиет сыны» салалары бойынша зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.*

*Кілтті сөздер: Б. Ысқақұлы, Есеп партиясы, тоталитаризм, абақтыдағы өлеңдер, түрме тақырыбындағы өлеңдер, Степлаг, тарихи шындық, жаңа адам идеологиясы.*

## **Кіріспе**

Қазақ халқының тарихында өз елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тігіп, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қойған тұлғалар қатары аз болған жоқ. Солардың бірі – Қарағанды облысы Нұра ауданына қарасты Көкмөлдір ауылында дүниеге келген ақын, ғалым Бүркіт Ысқақұлы [1, 351-б.]. Б. Ысқақұлының 2014 жылы қайта басылып шыққан «Бұл менің көз жасым ғой, қан аралас» атты өлеңдер жинағының алғы сөзінде оның бар саналы ғұмыры мен шығармашылық қызметі халыққа адал қызмет етуді мұрат тұтқан азаматтық ұстанымымен ерекшеленгендігі ҚР Мәдениет қайраткері Ермек Балташұлы тарапынан жоғары бағаланады. Б. Ысқақұлы өз жазбаларында халқының болашағын ойлайтын, елдік мұратқа жан-тәнімен берілетін партия қажет екенін атап көрсетіп, осы мақсатта бір топ жаспен бірге «Есеп» атты ұйым құруға қатысады [2, 12-б.]. Бұл әрекет қазақ әдебиетінде Алаш қайраткерлерінің азаттық идеясын жалғастырушы ретінде бағаланып, жаңа буынның ел қамын ойлаған қадамдарының бірі еді.

Адамзат тарихы – қамау мен қысымның ұзақ дастаны іспеттес. Ежелгі тайпалардан бастап бүгінгі заманға дейін талай мемлекеттер мен империялар түрмені саяси қарсыластарды тұншықтырудың, қоғамды бір ғана ойға бағындырудың құралына айналдырып келгені белгілі. Түрме – адамды өз құқығынан айырып қана қоймай, оны қоғамның моральдық әлемінен де аластатын кеңістік. Осындай ортада өлең жолдарынан құрылған ой өрнегін жазу жай ғана өнер емес, ішкі рухтың, қайсар мінездің, қарсылықтың жасырын даусына айналатыны сөзсіз.

Қатал шектеулер мен тордың көлеңкесінде туған түрме шығармашылығы – жан айқайы мен рухтың мұрасы. Оның аясында өлеңдер де, пьесалар да, мемуарлар мен хаттар да, тіпті тұтас романдар да дүниеге келді. Бұл жазбалар – ойдың тереңіне бойлаған философиялық толғаныс та, үнсіздікті бұзған бүліктің нышаны да. Көптеген тұтқындар үшін қалам қағу – жаралы жанға ем ғана емес, еркіндіктің ұшқыны, үнсіздікке салынған қақпаны бұзудың жолы болды.

Жалпы әлем халықтары әдебиетіне ортақ әдеби циклдың бірі – түрме шығармашылығы. Әлем әдебиетін зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша,

түрме шығармашылығы – саяси салмаққа ие ерекше жанр. Winger еңбектерінде ол жасырын зорлық пен бақылаудың бетпердесін ашатын айыптаушы сөз ретінде көрінсе [3, 74-б.], Westall оны жеке тағдырдан бөлек, бүкіл жүйенің сұрқия құрылымына куәлік ететін мәтін деп бағалайды [4, 112-б.].

Barbara Harlow болса өз еңбегінде түрме жазбаларын қарсылық әдебиетінің бір тармағы ретінде қарастырады. Ғалымның пікірі бойынша мұндай мәтіндер – жеке адамның ғана емес, халықтың, ұлттың ұжымдық күресінің үні [5, 29-б.]. Жазу арқылы тұтқын өзін бостандық пен әділет жолындағы кең арналы қозғалыстың бір бөлшегі ретінде сезінеді. Сондықтан түрме әдебиеті – тек қарсылықтың баяны емес, адамның өз болмысын қайта түйсіндіріп, өзгелермен байланыста қайта қалыптастырудың тәсілі.

Орыс әдебиетінің өкілі Ефимова А. Н. атап өткендей, В. Т. Шаламов пен А. В. Жигулин Колымадағы азапты өмір барысында поэзияның адамдарға рухани күш берудегі ерекше ықпалын айқын сезінді [6, 45-б.]. Шаламов О. В. Ивинскаяға жазған хатында: «Колыма заставила меня окончательно и бесповоротно поверить в великую, ни с чем на свете не сравнимую удивительную реальную силу поэзии» деп мойындаса, кейін жазбаларында: «Колыма научила меня понимать, что такое стихи для человека» деп түйіндеген [7, 275, 581-б.]. Лагерь карцерінде адамдардың мұздай тас камерада бір-біріне тығыла жатып, өлең оқығанын еске алады [6, с. 590]. Осыған үндес сезімді А. Жигулин де «Когда мне было // Очень-очень трудно, // Стихи читал я // В карцере холодном» деп жеткізеді [8, 213-б.].

Қазақ әдебиетінде, өкінішке қарай, түрме шығармашылығына арналған зерттеулер саны өте аз. Дегенмен бұл бағытта алғашқы іргелі еңбектер ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды.

Академик К. Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты зерттеуінде ХХ ғасыр басындағы азаттық қозғалыстың тарихи-саяси мәнін айқындады [9, 163-б.]. Сонымен бірге Б. Қойшыбаев әзірлеген «Зауал», Д. Әшімханов құрастырған «Бес арыс», З. Қыстаубаева дайындаған «Нәубет», Г. Думалатованың «Шындық шырағы», Т. Қожабековтің «Қым-қуыт іздер», Б. Төлепбергеннің «1937–2007. Тауқымет пен тағзым» атты еңбектері саяси қуғын-сүргіннің әдебиет пен ғылымға салған ауыр зардабын айқындауға бағытталды [10, 214-б.].

Қазақ әдебиетінде түрме тақырыбының прозадағы алғашқы көрінісін Жайық Бектұров «Таңба» романында берді [11, 67-б.]. Кейін бұл дәстүрді Қажығұмар Шабданұлы жалғастырып, өзінің «Қылмыс» атты көлемді мемуарлық романында лагерь өмірін ерекше формада суреттеді [12, 201-б.]. Зерттеуші Елдос Токтарбай бұл романды қазақ прозасындағы түрме әдебиетінің ең биігі деп бағалап,

шығарманың «сұрақ-жауап үлгісіндегі» құрылымын ерекше әдеби құбылыс ретінде айқындайды [10, 227-б.].

Соңғы жылдары түрме әдебиетін жүйелі түрде зерттеп жүрген әдебиеттанушы – Елдос Тоқтарбай. Оның «Қазақ әдебиеті тарихындағы түрме шығармашылығы және эмигранттық кезең» (2013), «Түрме әдебиеті: тарихы, кезеңдері және өкілдері» (2017), сондай-ақ 2021 жылы жарық көрген «Абақтыдағы жан сөзі. Түрмеде жазылған жырлар антологиясы» еңбектері – қазақ әдебиетінде бұл тақырыпты ғылыми деңгейде зерттеудің маңызды баспалдағы [13]. Аталған антологияға Б.Ысқақұлының өлеңдерімен қатар Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мәди Бәпиұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы сияқты көптеген ақындардың абақтыда жазған өлеңдері енген [13].

Б. Ысқақұлы «Степлаг» деп аталған Жезқазған өңіріндегі әйгілі еңбекпен түзеу лагеріне айдалды [14, 103-б.]. Бұл лагерь фашистік Германия концлагерьлерінің үлгісінде құрылғаны тарихтан белгілі [14, 101-б.]. Әрине, ресми атауы «еңбекпен түзеу лагері» болғанымен, шын мәнінде ол экономикалық мақсаттағы арзан жұмыс күшін пайдалану орны еді. Кеңестік билік көптеген өндірістік-экономикалық міндеттерді дәл осындай лагерлердің күштеп еңбектері арқылы шешті [15, 258-б.].

Осы еңбектерді талдау арқылы біз Бүркіт Ысқақұлының түрме, лагерь тақырыбындағы жырлары қазақ әдебиетіндегі қуғын-сүргін поэзиясының бір тармағы екенін пайымдаймыз. Оның шығармашылығы жалпы түрме әдебиетінің идеялық-эстетикалық арнасымен үндесіп, ұлттық азаттық рухты паш етеді. Мақалада біз осы мәселелерді жан-жақты қарастырып, Б.Ысқақұлының поэзиясын лагерь шығармашылығының контекстінде талдауды мақсат етеміз.

Түрме қабырғасында жазылған әдеби шығармалар мәдени және зияткерлік тарихта ерекше орынға ие болып, билік пен тұлға арасындағы қатынастарды, жеке бас болмысын және адамның қарсылық таныту қабілеттерін зерделеудің маңызды арнасына айналады. «Түрме шығармашылығы» ұғымы қамауда отырғандардың жазған барлық шығармаларын қамтиды, оған көркем де, көркем емес те туындылар жатады. Түрмеде жазылған еңбектер түрмедегі физикалық және психологиялық тәжірибені бейнелеумен қатар, оппозицияны жоюға бағытталған әлеуметтік күштердің ауқымын да көрсетеді.

### **Материалдар мен әдістері**

Зерттеу мәселесі бойынша Бүркіт Ысқақұлының түрме тақырыбында жазылған өлеңдерін талдау, проза және поэзия үлгілерімен салыстыру, өлеңдердің мазмұнын ашу үшін салыстырмалы-тарихи талдау жүргізу, берілген материалдарды жинақтау, жүйелеу, саралау әдістері қолданылды.

Б.Ысқақұлының түрме, лагерь тақырыбында жазылған өлеңдері зерттеудің нысаны болып есептеледі.

### **Нәтижелер және талқылау**

Б. Ысқақұлы абақтыда отырып өзінің басынан кешкен ауыр өмірін, ішкі сезімін қағаз бетіне түсіріп отырған. Лагерьде жүріп өлең жазу деген – әркімнің қолынан келе бермейтін ерлік. Соңынан ерген конвой, күнде бақылау, бір барактың ішінде бес жүздей адамның болуы, астың күніне екі-ақ рет берілуі – кез келген адамзаттың көтере білмейтін қиындығы. Алайда, осыған қарамастан Б. Ысқақұлы өзінің ақындық, қайраткерлік жолын тоқтатқан емес.

Ақынның «Тас еденнің ызғары...» атты өлеңдер жинағы абақтыда отырып, айдауда жүрген кезде жазылған өлеңдері. Кейін ол «Үзілмей жібi үміттің...» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінде (1987 жылдың 25 желтоқсанында) жарияланды.

Әдебиеттанушы ғалым Р. Бердібаев: Б. Ысқақов бұл өлеңдерімен қазақ совет поэзиясында бұрын болмаған «Тұтқын жыры», «лэгэр өлеңдері» деп аталатын поэзияның жаңа бір түрін, жаңа жанрын бастады деп есептейді. Сол себепті бұл өлеңдер қазақ поэзиясына қосылған жаңа бет болып табылады деп пайымдайды [14, 252-б.]. Бұл ғылыми ойды біз толықтай қолдаймыз. Ойымыз дәлелді болуы үшін ақынның түрме тақырыбында жазылған бірнеше өлеңдерін қарастырып көрейік.

Б. Ысқақұлының азаматтық-қайраткерлік қырын танытатын өлеңдерінің шоқтығы – «Уа, Азия, ұлысың» өлеңі. Кейін оның атауы «Үндістан ұраны» деп өзгертілді.

| <b>Алғашқы нұсқасы</b>                                                                               | <b>Кейінгі нұсқасы</b>                                                                                 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Уа, Азия, ұлысың!<br>Ұлылығын құрысын.<br>Құрысын демей не дейін,<br>Еуропаның құлысың! [14, 255-б.] | О, Үндістан, ұлысың!<br>Ұлылығын құрысын!<br>Құрысын демей қайтейін,<br>Ағылшынның құлысың! [2, 21-б.] |

Бұл өлең жолдары арқылы біз «ұлтшыл» деп айыпталған ақынның ақиқат үшін күресін, азаттық үшін арпалысын көреміз. Жастайынан С. Сейфуллинді, І. Жансүгіровті, А. Байтұрсыновты, М. Дулатовты, С. Мұқановты оқып өскен Бүркіт өлеңдерінде өзінің азаматтық позициясын танытады. Осы өлең жолдары арқылы біз Алаш қайраткерлері аңсаған азаттық, тәуелсіздік идеясын аңғарамыз.

Ақынның келесі бір өлеңі – «**Душар боп бейнет сорыма**».

Душар боп бейнет сорыма,  
Кәріне кез боп тағдырдың.  
Тұтқынның түсіп торына,  
Басыма бұғау салдырдым.  
Салмағы жоқ сөзімнің  
Айтқанменен «пәлен» деп,  
Ақтығымды өзімнің  
Берейін немен дәлелдеп [2, 32-б.]

Осы өлеңде автор басынан кешкен қиындықты, ауырпалықты, тағдырдың қатал сынағын жүректі сыздатар өлең жолдары арқылы жеткізеді. Біз аталмыш өлең жолдары арқылы тағдырдың қаталдығын, тұтқындықтың азабын, шарасыздық пен ақиқатқа ұмтылудың, рухани азап пен үнсіздіктің, шарасыздықтың үлкен трагедиясын сеземіз. Жеке адамның трагедиясы арқылы сол заманның трагедиясын ұғамыз.

Түрме тақырыбында жазылған келесі бір өлеңдердің бірі – «**Жамбасыма сыз батып**» өлеңі.

Жамбасыма сыз батып,  
Жай болғалы абақты,  
Талай рет Күн батып,  
Талай рет таң атты.

«Жақын» деген жолдасың  
Куә боп өзі-ақ келеді,  
Қорғау үшін өз басын,  
Қаралап сені береді [2, 34-б.]»

Бұл өлең репрессия құрбаны болған азаматтың лирикалық туындысы. Бұл өлеңде автор адамдық қасиеттен арылу, сатқындық, сол дәуірдің қасіретін жырлайды.

XX ғасырдың 20–50 жылдарындағы Кеңес үкіметінің жасаған репрессия саясаты отандық әрі шетелдік ғалымдар тарапынан терең зерттелді. Тоталитаризм, репрессия, халық жауы сияқты ұғымдар неміс ғалымы Michael Geyer мен Sheila Fitzpatrick сынды ғалымдардың да «Beyond Totalitarianism: Stalinism and Nazism Compared» («Тоталитаризмнен тыс: сталинизм мен нацизмді салыстыру») атты зерттеу еңбегінде де жан-жақты талданған. Бұл еңбекте Кеңес үкіметі мен Германия елдеріндегі «сталинизм» мен «ұлтшылдық», адамзат табиғатын трансформациялау идеялары сынға алынады. Билік өкілдері екі елде де «жаңа адам» құрғысы келді. Кеңес үкіметіндегі «жаңа адам» коммунистік партия идеологиясын ұлықтайтын, партияның айтқанымен жүретін, жеке басынан гөрі көпшіліктің, биліктің

сөзін сөйлейтін «машина адамдарды» жасағысы келгені баяндалады. Бұған қарсы келгендер «халық жауы» ретінде танылғаны айтылады. «Жаңа адам» идеологиясы бойынша тоталитарлық жүйе адамдарды ескі құндылықтардан арылтып, мемлекеттің идеологиясына толықтай бағынатын жаңа тұлға қалыптастыруды көздеді [16, 330-б.].

Осы «Тоталитаризмнен тыс: сталинизм мен нацизмді салыстыру» еңбегінде кеңес үкіметі кезіндегі «жаңа адамды» қалыптастыру Лениннен бастау алып, Сталинмен жалғасқаны баяндалады. 1932 жылдары Сталиннің «жаңа адам» идеологиясын қоғамға таныстыру, насихаттау үшін М. Горькийдің рөлін ерекше атап өтеді. Идеологияны әдебиет арқылы жеткізу – басты мақсаттардың бірі болған. Кеңес үкіметінің идеологиясын халыққа ақын-жазушылар шығармалары арқылы жеткізуде орыс жазушы М. Горькийдің рөлі орасан зор болған деп есептейді [16, 318-б.].

Біз Б. Ысқақұлының «Жамбасыма сыз батып»; «Ананы айт!», «Мынаны айт!»; «қаралап сені береді»; «қорлайды әлі келгенше» сияқты өлең жолдары арқылы ақынның жаңа адам идеологиясын қалыптастырудағы заңдылықтармен қақтығысын, ескі моральдік принциптерді ұстануын аңғарамыз. Ақынның өзі «ескі адам» ретінде бұл жүйеге іштей қарсылығын, наразылығын білдіреді.

Осындай көзқарасты, ішкі рух пен азаттық идеясын танытатын өлеңдердің бірі– **«Артымда бар ел-жұртым»** өлеңі.

Жалған куә, жасанды  
Қылмыстармен айыптап,  
Бердің қатал жазанды,  
Нағыз жауға лайықтап.

Жою мені, жігітім,  
Түспес, сірә, тегіне.  
Артымда бар ел-жұртым,  
Жоқтайтұғын менінде [2, 36-б.]!

Осылайша тоталитарлық жүйенің әділетсіздігін, оған қарсы наразылығын өткір сынайды. Сөйтсе де, «жою мені, жігітім, Түспес, сірә, тегіне» деп рухының мықтылығын, әділетсіздікке қарсы тұруын батыл жеткізеді.

Сонымен қатар, бұл өлеңдерден де бөлек «Шыққанда жаңа жарқ етіп...», «Жұртыма деген махаббат», «Қинайды солар жанымды», «Жарыма хат», «Кей тұтқынның жүрегі» сияқты өлең-жырлары арқылы біз темір торға таңылған ақынның жүрегіндегі ашу мен ызаны, ұлттық намысты оятуға итермелейтін ұлттық рухты, патриоттық сезімді аңғарамыз.

Әдебиеттанушы ғалым, академик М. Қаратаев Б. Ысқақұлының абақтыда жазылған өлеңдерінен Сәкеннің сыры, Бейімбеттің мұңы, Ілиястың үні естілгендей деп баға береді [2, 253-б.].

Қазақтың көркем әдебиеті көпқырлы әрі күрделі. Дегенмен лагерьлік поэзия, түрме тақырыбындағы өлеңдер әлі де толық қамтылмаған десе де болады. Мысалы, халық ауыз әдебиетінің үлгісі «Қобыланды батыр» жырында Қобыландының зынданға қамалуы сияқты жекелеген эпизодтар кездеседі. Мұндай эпизодтар көптеген батырлар жырында бар. Алайда, бұл эпизодтар тәрбиелік мақсатта ұсынылып, ақпараттық, дидактикалық сарында ғана берілген. Лагерь тақырыбы поэзияға қарағанда қазақ прозасында мейлінше қамтылған. Мәселен, Қошке Кемеңгерұлының «Тұтқынның ойы» автобиографиялық әңгімесі, Жайық Бектұровтың «Таңба» романын келтіруге болады. Ғалым Ардамацкая Д. А. «В истории казахской литературы роман Ж. Бектұрова «Таңба» стал первой литературной оппозицией тоталитарной системе» [15, 256-б.], – деп баға береді. Осы ретте біз ақын Б. Ысқақұлының өлеңдері мен Ж.Бектұровтың туындыларындағы ұқсастықтарды байқаймыз. Екі қаламгердің де лагерьді сипаттауы, негізгі кейіпкерлерге жалған жаланың тағылуы, жазықсыз адамдардың бейнесі – бәрі ұқсас. Біздің пайымдауымызша, түрме, лагерь тақырыбы қазақ прозасында Ж. Бектұровтың шығармашылығында сөз етілсе, қазақ поэзиясында Б. Ысқақұлының өлең-жырларында жырланды деп бағалаймыз.

17 жылдық тарихы бар Степлаг лагерінде 5 жыл қамауда болған Б. Ысқақұлы жазбаларында күнделіктер, мемуарлар да баршылық. Бұл жазбалардан да біз лагерьдегі тәртіп, оның адам баласына тигізген қасіреті, қырық күн, қырық түнге созылған Кеңгір көтерілісі, Сталиннің өлімі сияқты тарихи кездер туралы мәлімет ала аламыз. Барлық тарихи құжаттарда аттары аталып жүрген Кеңгір көтерілісінің басында тұрған полковник К. И. Кузнецовтың, СССР Бас прокуроры Руденконың, оның жәрдемшісі Самсоновтың, ГУЛАГ-тың бастығы, генерал-лейтенант Долгихтың есімдері Б.Ысқақұлының да жазбаларында кездеседі. Степлаг архив құжаттарына сәйкес 1954 жылы 600 айыпталушының ісі қайта қаралды. Олардың ішінде амнистияға ұшырағандары әрі екінші рет қайта айыпталғандары бар. Солардың ішінде Б.Ысқақұла да бар еді. 1954 жылдың 18 желтоқсанында Қазақ ССР Жоғары Сотының шешімімен жаза мерзімі 25 жылдан 10 жылға қысқартылғаны хабар етілді.

### **Қорытынды**

Осылайша әлем әдебиетінде лагерьлер туралы қазақ поэзиясы Б.Ысқақұлының «Тас еденнің ызғары», «Бұл менің көз жасым ғой қан аралас» жинағы арқылы ұсынылған деп пайымдаймыз. Бұл өлеңдерге ақынның жеке басынан өткен өмірін сипаттауы, автобиографиялық сипат тән. Ақынның

түрме тақырыбындағы жырлары арқылы біз лагерьді жеке бір әлем, жер бетіндегі тозақтың белгісі, жеке бір кеңістік ретінде елестетеміз. Ақын өлеңдері арқылы біз автордың психологиялық жан күйін сезінеміз. Жазықсыз айыпталған қаншама адамның трагедиясы арқылы адамзат баласының мықты рухын, тәуелсіздік пен егемендік идеясындағы жігерін, сенімін байқаймыз.

### Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Қазақстан жазушылары : XX ғасыр [Мәтін] : анықтамалық /; [құраст. : Е. Дүйсенбайұлы [ж. б.]; ҚР Ақпарат министрлігі]. – Алматы : Ана тілі, 2004. – 389-б.
- 2 **Ысқақов, Б.** Бұл менің көз жасым ғой қан аралас [Мәтін]. – Қарағанды, 2014. – 94-б.
- 3 **Wringer, A. de.** I'jaam: An Iraqi Rhapsody Defying Violence with Words. – 2019.
- 4 **Kelly M., Westall C.** Prison Writing and the Literary World: Imprisonment, Institutionality and Questions of Literary Practice. – London : Routledge, 2021.
- 5 **Harlow, B.** Resistance Literature. – New York : Methuen Inc., 1987.
- 6 **Ефимова, А. Н.** Лагерная тема в поэзии В. Т. Шаламова и А. В. Жигулина [Текст] // Вестник Челябинского государственного университета. – 2012. – № 9(263). – С. 44–48.
- 7 **Шаламов, В. Т.** Новая книга: Воспоминания. Записные книжки. Переписка. Следственные дела [Текст]. – М. : Эксмо, 2004. – 1072 с.
- 8 **Жигулин, А. В.** Черные камни : Стихи и поэмы [Текст]. – М. : Советский писатель, 1989. – 368 с.
- 9 **Нұрпейісов, К.** Алаш һәм Алашорда [Мәтін] / К. Нұрпейісов. – Алматы : Ататек, 1995. – 256 б.
- 10 **Тоқтарбай, Е.** Абақтыдағы жан сөзі. Түрмеде жазылған жырлар антологиясы [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 560-б.
- 11 **Бектұров, Ж.** құраст. Н. Оразбек. – Алматы : Қазақстан, 2011. – 479-б.
- 12 **Шабданұлы, Қ.** Қылмыс : көп томды роман. – Алматы : Атажұрт , 2009. 4 том. – 413-б.
- 13 **Тоқтарбай, Е.** Түрме әдебиеті: тарихы, кезеңдері және өкілдері: монография [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 270-б.
- 14 **Жағыпар, Ә. Б.** Бүркіт Ысқақұлы: тарихи-биографиялық басылым [Мәтін]. – Қарағанды, 2024. – 323-б.
- 15 **Ардамацкая, Д. А.** Философия «после ГУЛАГа» : осмысление исторической катастрофы [Текст]// Studia Culturae. – 2013. – № 16. – С. 256–264.

16 **Michael Geyer, Sheila Fitzpatrick.** Beyond Totalitarianism: Stalinism and Nazism Compared [Text]. – Cambridge University Press, 2009. – 536 p.

### References

1 Qazaqstan jazūshylary: XX ғасыр [Mätin] : anyqtamalyq / [qūrast. : E. Dūisenbaīūly [j. b.]; QR Aqparat ministrliğı]. – Almaty : Ana tili, 2004. – 389 p.

2 **Ysqaqov, B.** Būl meniñ köz jasyım ǵoı qan aralas [Mätin]. – Qaragandy, 2014. – 94 p.

3 **Wringer, A. de. I'jaam:** An Iraqi Rhapsody Defying Violence with Words. – 2019.

4 **Kelly, M., Westall, C.** Prison Writing and the Literary World: Imprisonment, Institutionality and Questions of Literary Practice. – London: Routledge, 2021.

5 **Harlow, B.** Resistance Literature. – New York : Methuen Inc., 1987.

6 **Efimova, A. N.** Lagernaja tema v poëzii V. T. Shalamova i A. V. Zhigulina [Tekst] // Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2012. – № 9(263). – P. 44–48.

7 **Shalamov, V. T.** Novaia kniga: Vospominaniia. Zapisnye knizhki. Peregiska. Sledstvennye dela [Tekst]. – M. : Èksmo, 2004. – 1072 p.

8 **Zhigulin, A. V.** Chernye kamni : Stikhi i poëmy [Tekst]. – M. : Sovetskii pisatel', 1989. – 368 p.

9 **Nūrpeіsov, K.** Alash hām Alashorda [Mätin] / K. Nūrpeіsov. – Almaty : Atatek, 1995. – 256 p.

10 **Toqtarbaі, E.** Abaqtydaǵy jan sözi. Tūrmede jazylǵan jyrlary antologiiasy [Mätin]. – Nūr-Sūltan, 2021. – 560 p.

11 **Bektūrov, Zh.** ; qūrast. N. Orazbek. – Almaty : Qazaqstan, 2011. – 479 p.

12 **Shabdanūly, Q.** Qylmys : köp tomdy roman. – Almaty : Atazhurr , 2009. 4 tom. – 413 p.

13 **Toqtarbaі, E.** Tūrme ädebieti: tarihy, kezeñderi jäne ökilderi: monografia [Mätin]. – Nūr-Sūltan, 2021. – 270 p.

14 **Zhaǵypar, Ä. B.** Bürkit Ysqaqūly: tarihy-biografialyq basylım [Mätin]. – Qaragandy, 2024. – 323 p.

15 **Ardamatskaia, D. A.** Filosofiiia «posle GULAGa» : osmyslenie istoricheskoi katastrofy [Tekst] // Studia Culturae. – 2013. – № 16. – P. 256–264.

16 **Michael Geyer, Sheila Fitzpatrick.** Beyond Totalitarianism: Stalinism and Nazism Compared [Text]. – Cambridge University Press, 2009. – 536 p.

13.12.24 ж. баспаға түсті.

21.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Ж. Ж. Аубакирова<sup>1</sup>, С. Б. Жұмағұл<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Евразийский национальный университет

имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 13.12.24.

Поступило с исправлениями 21.04.25.

Принято в печать 25.11.25.

## ЛАГЕРНАЯ ПОЭЗИЯ В СТИХОТВОРЕНИЯХ БУРКИТА ИСКАКОВА

*Буркит Исаков – выдающийся поэт, ученый, общественный деятель, радеющий за интересы нации, продолжатель идей Алаша, основатель партии «Есен» (партия людей, любящих свой народ). Он был приверженцем идеи независимого государства, рисковал жизнью ради свободы и независимости своего народа, узник лагеря «Степлаг» в регионе Жезказган.*

*В данной статье, подготовленной в рамках докторской диссертации «Литературное и научное наследие Б. Исакова», приводятся примеры и анализируются стихи поэта, написанные в заключении и ссылке. В статье использованы методы обобщения, систематизации, сравнения, концептуального анализа и выводов.*

*Цель статьи – показать гражданскую позицию поэта, проанализировать историческую правду через его поэзию, а также раскрыть суть таких сложных понятий, как «тоталитаризм», «репрессии», «Гулаг», «реабилитация» в контексте казахской литературы и их значение для казахского народа.*

*Кроме того, стихи поэта сопоставляются с произведениями других поэтов, писателей и исследователей.*

*Научная новизна статьи заключается в том, что тема лагерной поэзии до сих пор требует более глубокого изучения в современной литературоведческой науке.*

*Результаты исследования могут быть использованы в исследованиях по истории казахской литературы и литературной критике.*

*Ключевые слова: Б. Исаков, партия «Есен», тоталитаризм, стихи заключения, тюремная тематика, Степлаг, историческая правда, идеология нового человека.*

\*Zh. Zh. Aubakirova<sup>1</sup>, S. B. Zhumagul<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 13.12.24.

Received in revised form 21.04.25.

Accepted for publication 25.11.25.

## CAMP POETRY IN THE VERSES OF BURKIT ISKAKOV

*Burkit Iskakov – a prominent poet, scholar, and public figure dedicated to the interests of the nation, a follower of the Alash ideas, and the founder of the «Esep» Party (Party of People Who Love Their Homeland). He was an advocate of the idea of an independent state, risking his life for the freedom and independence of his people, and a prisoner of the «Steplag» camp in the Zhezkazgan region.*

*This article, prepared as part of the doctoral dissertation «The Literary and Scientific Legacy of B. Iskakov», presents examples of and analyzes the poet's works written during his imprisonment and exile. The article employs methods of generalization, systematization, comparison, conceptual analysis, and synthesis.*

*The purpose of the article is to reveal the civic stance of the poet, analyze historical truth through his poetry, and explore the essence of such complex concepts as «totalitarianism», «repressions», «Gulag», and «rehabilitation» within the context of Kazakh literature and their significance for the Kazakh people.*

*In addition, the poet's verses are compared with the works of other poets, writers, and researchers.*

*The scientific novelty of the article lies in the fact that the theme of camp poetry still requires deeper study in contemporary literary scholarship.*

*The research findings can be used in studies on the history of Kazakh literature and literary criticism.*

*Keywords: B. Iskakov, Esep Party, totalitarianism, prison poetry, incarceration theme, Steplag, historical truth, ideology of the new human.*

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz